



Автор: Дабылбаева Акбота Галымжановна

Пән: Математика

Сынып: 1-сынып

Бөлім: 20-ға дейінгі сандарды қосу және азайту

Тақырып: Заңдылықтар

Оқу мақсаты	1.4.3.2 табиғаттағы әрекеттердің және күйлердің тізбегін анықтау, сандардың, фигуралардың, ойыншықтардың, түрлі түсті моншақтардың тізбегін құру және заңдылықтың бұзылуын анықтау
сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: Сандар тізбегін құрастыру, заңдылықтарын анықтау. Көптеген оқушылар: 100 көлеміндегі сандар, фигуралар, символдардан тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау. Кейбір оқушылар: Өмірмен байланыстыра отырып, заңдылықтарды табу.
бағалау критерийі	Сандар тізбегін құрастырады. 100 көлеміндегі сандар, фигуралар тізбектерін анықтайды, заңдылықтарды табады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақ басы	Шаттық шеңбері Ақ тілек.Әсем күлкі -Көңіл – күйлеріңіз қалай? - Керемет!(қолдарын көтереді) -Сабаққа дайындықтарың қалай? - Тамаша!(алақандарын шапалақтайды) -Ынталарыңыз қалай? -Ғажап! (қолдарын көтереді) -Ендеше сабағымызды бастайық! -О,о,о (бас бармағын көтереді)	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақ ортасы	<p>Ұ. Миға шабуыл әдісі Оқушыларды жаңа білім қабылдауға және игеруге белсендіру мақсатында жетекші сұрақтар қойып, сабақ мақсатын айқындаймыз. -Балалар мынау не? -жалаушалар. -Бұндайжалаушаларды сіздер қай кезде көресіңіздер? (балалардың жауабы) -Бұлар қалай орналасқан? Ендеше бұны заңдылықтар дейміз. -Заңдылықтар қалай орналасады екен? Бүгін біздер сандар тізбегін дұрыстапсақ ; -100 көлеміндегі сандар, фигуралар тізбектерін анықтап, өмірменбайланыстыра және заңдылықтарды таба білсек бағдаршамның қай түсіжақсы жетістіктерге жеткізеді соған жететін боламыз. (Бағдаршам түсіарқылы бағалап отырады.) Белсенді оқытудың көрсету және модельдеутәсілі Саралау: жіктеу, тапсырма, диалог және қолдау көрсету 1-тапсырма. Белсенді тақтадан асықтардың суретін қарай отырып,жұмыстанады. - Суреттегі асықтар қандай заңдылықпен орналасқан? Қатарды жалғастыр. Дескриптор: 1. Асықтарды санайды 2. Берілгенсандарды асықтармен салыстырады. 3.Заңдылықтарын анықтап,орналастырады. -Енді орындаған тапсырмаларыңды өздерің бағалаңдар.Ол үшін алдарыңдағы парақшаға қаншалықты түсінгендеріңді бағдаршамтүсіне сәйкес бояңдар. (Әркім бағдаршам түсі бойынша өзін-өзі бағалайды,түстерін бояйды.) 2-тапсырма. (Белсенді оқытудың зерделеу және зерттеутәсілі) Саралау: қарқын тәсілі ТЖ. 1-топ: Қай фигуралардың орныауысып кеткен? Заңдылықтарды сақтай отырып, фигуралардыорналастырып көр. 2-топ: Кестедегі қателерді тап. Дескриптор: 1-топ: 1. Фигураларды анықтайды. 2.Заңдылығын табады. 3.Фигуралардыорналастырады. 2-топ: 1. Кестедегі қатені табады. 2. Дәптерге санқатарын дұрыстап жазады. Әр топтың оқушылары бағдаршам түсін бояуарқылы өзара бағалау жүргізеді. Сергіту сәті. Берілген өлеңді түрліэмоциямен айту. (көңілді, көңілсіз, ашулы) Бірінші күн-дүйсенбі Екінші күн-сейсенбі Үшінші күн-сәрсенбі Төртінші күн-бейсенбі Алтыншы күн-сенбі Жетінші күн-жексенбі ҚБ тапсырмасы 1. Аптадағы күндер атауларынвагондарға өсу ретімен орналастырыңыз. Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі,бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі Дескриптор: 1. Бірінші вагонға дүйсенбісөзін орналастырады. 2. Екінші вагонға сейсенбі сөзін орналастырады. 3.Үшінші вагонға сәрсенбі сөзін орналастырады . 4. Төртінші вагонғабейсенбі сөзін орналастырады. 5. Бесінші вагонға жұма сөзінорналастырады . 6. Алтыншы вагонға сенбі сөзін орналастырады . 7.Жетінші вагонға жексенбі сөзін орналастырады.</p>	
сабақ соңы	<p>Рефлексия Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді бет – әлпеті салынған суреттерді таңдау. Түсінбедім Сұрағым бар Түсіндім</p>	